«Сейфуллин оқулары–11: Жастар және ғылым» атты Республикалықалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–11: Молодежь и наука».** – 2015. – Т.I, ч.1. – Б. 287-288

ЕШКІЛЕРДІҢ АСҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІ ГЕЛЬМИНТОЗДАРЫН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Утарбаева Д.А.

Ешкілердің асқорыту жүйесіндегі гельминттер мал организіміне орасан зор әсер етеді: белгілі бір органның ұлпасын бұзады, механикалық зақымдану, организмді уландырады, бөлінген улы заттармен ішектерді бітейді. Ақмола облысы аумағында ешкілердің асқорыту жүйесіндегі гельминттері, олардың түр-құрамы 1957 жылдан бері зерттелінбеген. Сондықтан, олардың түр-құрамын анықтау және тиімді препараттарды ұсыну теориялық жағынан паразитологияның ғылыми деректерін жаңартуға мүмкіндік береді.

Аталмыш ғылыми зерттеу жұмыста жергілікті жерге қатысты мал арасындағы паразиттердің тұр-құрамын анықтау, олардың даму биологиясын зерттеу және экстенстиімділігі жоғары преапараттарды ұсыну осы жұмыстың жаңалығы болып табылады.

Зерттеу мақсаты: ешкілердің асқорыту жүйесіндегі гельминттердің түр-құрамын анықтау және емдік тұрғыдан жоғарғы ықпалды препараттарды ұсыну.

Зерттеу әдістері мен жабдықтары. Ас қорыту жүйесі гельминттерінің түр-құрамын анықтауда әдеттегідей гельминтология саласына белгілі Фюллеборн және MakMaster әдістері пайдаланады. Ақмола облысына қарасты 3 ауылдық округтеріндегі жеке меншік ешкілерінің 65 басы, соның ішінде 50 ешкі мен 15 лақ қамтылды.

Зерттеу нәтижелері. *Әртүрлі жастағы ешкілердің асқорыту жүйесін зерттегенде біз нематод туысына жататын Nematodir, Hemonchus, Ostertagia өкілдерін анықтадық* (кесте 1).

1-кесте – Ешкілердің ас қорыту жүйесі стронгилятоздарына шалдығу қарқыны

	Ересекешкілер	*Лақтар*	*Барлығы*
Мал басы саны	*50*	*15*	*65*
Nematodirus spp.	*45/90*	*7/46,6*	*52/80*
Ostertgiella spp.	*35/70*	*5/33,3*	*40/61,5*
Haemonchus spp.	*43/86*	*6/40*	*49/75,4*

Бөлек органды толық гельминтологиялық зерттеу (ОТГЗ) әдісі ас қорыту жүйесінде тоғышарлық күнелткен гельминттерге тексерілді. Ащы ішек пен ұлтабары – гемонхтарға және трихостронгилдерге, ащы ішек – нематодирлерге зерттелінді.

2-кесте - Гельминттердің саны және табылған мүшелері

Гельминт атауы	Құрт саны	%	Қай мүшеден табылды

Топтар	Препараттар	Дозасы	Мал саны, бас	ЭТ, %
I	Ивермек	1мл/50кг	50	97
II	Альбен	1таб/50кг	50	97,8
III	Панакур	1мл/30кг	50	98

Nematodirus Ostertgiella Trichostrongylus	9 11 5	25 % 67 % 8 %	Ащы ішек Ұлтабар Ащы ішек пен ұлтабар

Тиімді препараттарды ұсыну мақсатында біз жоғары тиімділікті антгельминттік препараттарды қолдандық. Қолданыста болған 3 препараттың барлығы дерлік нематодоздарға, оның ішінде ас қорыту жүйесінің стронгилятоздарына жоғарғы дәрежеде әсері болды. Дегельминтизацияланған ешкілер 97-100% сауықты.

3-кесте – Қолданылған антгельминтиктердің тиімділіктері

Қорыта келгенде, осы магистрлік жұмыста жүргізілген зерттеулерден ешкілердің асқорыту жүйесіндегі гельминттердің түр-құрамы, даму биологиясындағы кейбір ерекшеліктері 50 жылдан астам уақыт аралығында өзгерістерге ұшырап, осы кезде ас қорыту жүйесінде тіркелмеген.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Т. Кадыров Ақмола облысында қой мен ешкінің ішкі паразит құрттарының құрамы және негізгі ішқұрт ауруларының ерекшеліктері. Ақмола-1960.

2. Н.Т. Кадыров Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных. А.-2000.

3. Стариков Р.А. Развитие и выживаемость личинок стронгилят во внешней среде в условиях Ставропольского края. М.-2009.

4. M. Ijaz, M. S. Khan, M. Avais, K. Ashraf, M. M. AliandSaima «Infectionrateandchemotherapyofvarioushelminthsingoatsinandaround Lahore» Pakistan Vet. J., 2008, 28(4): 167-170.

5. J. A. Kuchai, M. Z. Chishti, F. Ahmadv, M. R. Mir, J. A. Darv «Impact of health status and species of the host on prevalence of helminthiasis in sheep and goats of Ladakh» 1- Department of Zoology, University of Kashmir, Srinagar- 190 006. International journal of Agronomy and Plant Production. Vol., 4 (5), 869-872, 2013Available online at http:// www.ijappjournal.com ISSN 2051-1914 ©2013 VictorQuest Publications

6. U. K. Mohanta, Anisuzzaman, T. Farjana, P. M. Das, S. Majumderand M. M. H. Mondal «Prevalence, population dynamic sand pathological effects of intestinal helminths in backbend gal goats» Department of Parasitology, Department of Pathology, Faculty of Veterinary Science, Bangladesh Agricultural University, Mymensingh-2202, Bangladesh. *Bangl. J. Vet. Med.* (2007). 5 (1 & 2): 63–69

Ғылыми жетекшісі: ЫБраев Б.К.в.ғ.д., доцент